

выбрала правильный университет и наставников. Моя жизнь это картина, наполненная разнообразными красками. Мое духовное равновесие.

*Рақымжан А.
Инф-51 тобының магистранты,
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Казимова Л.А.
п.э.к. профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Оспанов А.А.
ф.-м.э.к., доцент, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

РОБОТ “CLEAN-UP”

Қазіргі заман ақпараттық техника мен технология заманы болғандықтан, біз робототехника саласын таңдадық. Робот - бағдарламалық жасақтама, жабдық пен механикалық жүйелерге сүйенетін кешенді жүйелерден тұратын машина. Олар кейде уақыт кезеңдеріне сай топтастырылады. Робот техникасын оқытудағы басты мақсат - жеке тұлғаның ақпараттық біліктілігінің негізін қалау, яғни қушыларға ақпаратты жинау әдістерін, сондай-ақ оны пайымдау және тәжірибеде қолдану технологияларын меңгеруге көмектесу [1].

Бұл салада жүргізілген зерттеулерде (мысалы, Eguchi, 2010; Benitti, 2012) роботтардың оқушылардың түрлі пәндер (физика, математика, химия, информатика және т.б.) бойынша оқуына, сондай-ақ зерттеу дағдылары, шығармашылық ойлау, шешім қабылдау, проблеманы шешу, қарым-қатынас жасау және команданы жұмыс істеу дағдылары сияқты танымдық, методтанымдық және әлеуметтік дағдыларды қоса алғанда, жалпы алғанда XXI ғасырда жұмыс ортасына қажет болатын жеке тұлғаның барлық дағдыларын дамытуға елеулі әсері бар екені айтылған.

LEGO Mindstorms - программаланатын роботқа қолданылатын конструктор (электронды блоктар мен кішігірім құралдар жиыны). LEGO компаниясымен 1998 жылы таныстырылды. 8 жылдан кейін LEGO Mindstorms NXT 1.0

моделі, 2009 жылы - LEGO Mindstorms NXT 2.0, ал 2013 жылы - LEGO Mindstorms EV3 жинақтары шықты [2].




1-сурет. Робот техникасы бойынша білім беру

Жобада «LEGO MINDSTORMS NXT» құрастырмаларымен қоныс жинайтын робот құрастырылды (2-сурет).



2-сурет LEGO MINDSTORMS NXT



3-сурет Қоқыс жинайтын робот.

Аталған жобادا құрастырылған робот еректі экологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Яғни, қоқыстың әртүрлі түрлерін жинауға мүмкіндік береді.

Сөзімізді қорытындылай келек, арлық жиналған қоқыс – адамның өмір сүруінің нәтижесі. Қоқысты тастай отырып, біз тек қоршаған ортаны ластаймыз, біз өз денсаулығымызға зиян тигіземіз. Адамдардың экологиялық сауаттылығын арттыру қажет. Ол үшін тазалық акцияларын, сенбіліктерді жиі өткізу қажет. Әкімшілік жауаптылықты күшейту керек. Ұлы философ И.Гете айтқандай: «Кі биғат әрқашан шыншыл, қателіктер де, жаңсақ ой да адамдардан туады».

Әдбиеттер:

1. Робот технологиясы //www. kk.wikipedia.org/wiki;
2. www. kk.wikipedia.org/wiki/LEGO_Mindstorms;
3. Филиппов С.А. Робототехника для детей и родителей.